

**“2020–2022 жылдарға арналған Аламесек ауылдық округінің бюджеті туралы”
Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №51-5 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 наурыздағы № 53-4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 наурызда № 7305 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі” Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. “2020 – 2022 жылдарға арналған Аламесек ауылдық округінің бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-5 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7135 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және 2020 жылғы 14 қаңтарда “Жалағаш жаршысы” газетіне жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

“1. 2020 – 2022 жылдарға арналған Аламесек ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 69 438 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 1335 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 80 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;
 - трансферттер түсімдері – 68 023 мың теңге;
- 2) шығындар – 69 438 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;
 - бюджеттік кредиттер – 0;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;
 - қаржы активтерін сатып алу – 0;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0;

қарыздар түсімі – 0;
 қарыздарды өтеу – 0;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0.”.

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Жалағаш аудандық мәслихатының
 53-сессиясының төрағасы, Жалағаш
 аудандық мәслихатының хатшысы*

М. Еспанов

Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы
 17 наурызы № 53-4 шешіміне қосымша
 Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы
 27 желтоқсандағы № 51-5 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Аламесек ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Сомасы
Сыныбы			, мың теңге
Кіші сыныбы			
		Атауы	
		Кірістер	69 438
1		Салықтық түсімдер	1335
	01	Табыс салығы	16
	2	Жеке табыс салығы	16
	04	Меншікке салынатын салықтар	1319
	1	Мүлікке салынатын салықтар	27
	3	Жер салығы	115
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1177
2		Салықтық емес түсімдер	80
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	80
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	80
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4		Трансферттердің түсімдері	68 023
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	68023
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	68023
Функционалдық топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы
Бағдарлама			, мың
Атауы			теңге

		Шығындар	69 438
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	27 259
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	27259
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	26809
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400
	053	Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкін басқару	50
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	4 852
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4852
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	4852
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 958
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1958
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	503
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	441
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1014
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	25 769
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	25769
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	25769
13		Басқалар	9 600
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9600
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	9600
		Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0